

Бізге деген үлкен сенімді ақтайық!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елімізге, әрқайсымызға қатысты аса маңызды Үндеу жолдады. Үндеуді мұқият тыңдап шықтым. Ол осы Үндеуінде, еліміздің Конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын 2019 жылдың 9 маусымында өткізетіні туралы шешім қабылдағанын айтты. Тұңғыш Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың арқасында тәуелсіз, қуатты мемлекет құрып, халықаралық жүйеде, ықпалды, белді мемлекет ретінде бүкіл әлем мойындады. Ел игілігі, мемлекет мүддесі үшін, Отанымыздың

орнықты дамуы мен алға одан әрі нық сеніммен басқаратын мемлекет басшысы келеді деп ойлаймын. Мемлекетімізде болып жатқан өзгерістер аса маңызды тарихи кезең, елімізге сынақ, сондықтан өз міндетіміз бен жауапкершілігімізді терең сезінеміз. Мемлекет басшысы халқына сенімін білдіріп отыр. Алдағы өтетін сайлауға бәріміз бір адамдай қатысып, дұрыс шешім қабылдаймыз деп ойлаймын.

Б.К. Ахтямова
Кертінді үлгілі ауылдық
кітапханасының кітапханашысы